

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2022 жылғы 25 мамырда жарияланған

Қазақстан
Республикасының
Премьер-Министрі
Ә. А. Смайыловқа.

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылғанда, сақтандырылған азаматтың қажетті деңгейде медициналық көмек алатынына кепілдік берілген.

Соған қарамастан, баяғыдан келе жатқан проблемалық мәселелер әлі шешімін таппай отыр.

Мысалы, азаматтар консультациялық-диагностикалық қызметтер алу үшін немесе жоспарлы емдік шараларды қабылдау үшін ұзақ күтуге мәжбүр.

Тіпті жарналар тұрақты төленсе де, сақтандырылған тұлға мәртебесі расталса да, азаматтың **«осында және қазір»** қағидаты бойынша көмек алуына кепілдік жоқ.

Басқасын айтпағанда, медициналық ұйымдардың өз арасында ақпараттық жүйе интеграциясының аяқталған жоқ.

Қазір медициналық сақтандыруға қатысушылардың жалпы саны 15,5 млн адам. Оның 60 пайызын жеңілдік санатындағы азаматтар құрайды, олардың жарнасын мемлекет төлейді.

Сонда еліміз бойынша 3,8 млн адам медициналық сақтандыруға қатыстырылмаған.

Бұл өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатындағы азаматтардың жасырын жұмыс істеп, салықты да, міндетті төлемдерді де төлемей отырғанын көрсетеді.

Өздеріңіз білесіздер, жарналардың толық және уақтылы төленуін бақылау мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген, бірақ, олар бұл мәселеге / немқұрайлы қарауда.

Сондай-ақ, Қор қаражатын басқарудың да тиімділігі төмен екені жасырын емес.

Бүгінде Қор осы медициналық сақтандырумен қатар, тегін медициналық көмектің (ТМККК) медициналық қызметтер пакетінің де әкімшісі саналады.

Қор төлемдер, есептер, талқылаулар сияқты басқа да өзіне қатысы жоқ функциялармен айналысуда.

Түскен қаражаттың барлығын әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры бөледі, қызметтердің сапасын бағалайтын да, шағымдарды қабылдайтын да солар.

Онда олардың медициналық қызметтер тізімін кеңейту мен сапасын арттырудағы маңызды рөлі қалай болмақ.

Осы айтылғандарды ескере отырып:

бірінші, қысқа мерзімде Қордың барлық қызметін артық функциялардан босатып, оны трансформациялау;

екінші, медициналық ұйымдарды әкімшілендіруді оңайлату және қаржы түсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету арқылы оларды қаржыландыру тетігін қайта қарау;

үшінші, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың мәртебесін жаңартып, оларды әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне де тарту жөнінде шаралар қабылдау керек деп есептейміз.

**Құрметпен, депутаттар,
«AMANAT» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Ж.Нұрманбетова
А. Абсеметова
З. Камасова
Б. Кесебаева
Ж. Омарбекова
Л. Павловец**

*Орын.: Нұрғалиева С.Ж.
Тел.: 74-68-84*